

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2012 жылдың 25 қыркүйегіндегі N 6/1 "Мамлют ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасы туралы" шешіміне езгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы N 16/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 31 шілдеде N 2339 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 49/3 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.04.2019 № 49/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2012 жылдың 25 қыркүйегіндегі № 6/1 "Мамлют ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасы туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1908 болып тіркелген, 2012 жылдың 9 қарашасында "Знамя труда" газетінде, 2012 жылдың 23 қарашасында "Солтүстік жүлдізы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі езгерістер енгізілсін:

нұсқалған шешіммен бекітілген қағидасында:

1-тармақта төртінші бөлік келесі редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (

азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.";

2-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті орган "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" (бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік мекемесі болып анықталды.";

4-тармақта екінші және үшінші абзацтар алып тасталсын;

5-тармақта бірінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

"5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:".

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*мәслихат Мамлют аудандық*

*сессиясының төрагасы*

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Мамлют аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Солтүстік Қазақстан облысы*

*Мамлют ауданының*

*жұмыспен қамту*

*және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік*

*мекемесінің басшысы*

*2013 жыл 28 маусым*

*X. Бикина*

*P. Нұрмұқанова*

*B. Артимович*

*"Солтүстік Қазақстан облысы*

*Мамлют ауданының тұрғын үй  
коммуналдық шаруашылығы,  
жолаушылар көлігі және  
автомобиль жолдары бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*2013 жыл 28 маусым*

*K. Әмірин*

*"Солтүстік Қазақстан облысы*

*Мамлют ауданының  
экономика және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі*

*басшысының міндеттін атқаруши*

*2013 жыл 28 маусым*

*A. Яковенко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК